

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____
Топ: мектепалды
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.
Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер.	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы

және басқалар)	білімдерін нақтылау; сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті)	Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сұрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге ниетін тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. (еңбек іс-әрекеті)
	Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз». Педагог балаларды ашық алаңға шақырады. - Балалар, бүгін ғарышкер боламыз!	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Зымыран ұшар ғарышқа" Мақсат-міндеттер: балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Жұлдыздар әлемі" Мақсат-міндеттер: өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды). Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Ғарышкер боламыз.

	Барлықтарың ұшуға дайындалындар. - Алдымен, тындап аламыз, маған қосылып қайталаңдар. Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшак, қолды алдыға айқастыру) Ұшқыш болар баламын. (теңселу) Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру) Ер ғарышкер ағаның. Батыр болам - (қолды иыққа қойып айналдыру) Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру) Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшак, қолдарды екі жакқа созу, алақанды ашу,	тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (таным іс-әрекеті)	(шығармашылық іс-әрекет)	беру. Сурет салудан ойын-жаттығу "Біздің ғарышқа саяхатымыз" Мақсат-міндеттер: балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекет)	(жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу) Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)
--	--	--	--	---	--

	жабу) Барып келіп жүремін. (Т. Молдағалиев) (қарым-қатынас іс- әрекеті, дене шынықтыру)				Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! (қарым-қатынас іс- әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.				

	3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім,

	Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Шона Смаханұлы «Космосқа ұшамын». «Сәт сапар!» деп, достар берген Гүлге толып құшағым, Асамын да асқар өрден, Космосқа ұшамын. Болса-дағы қанша көркем, Көкте қайтіп жай табам?! Ораلامын асыл өлкем - Отаныма қайтадан. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!	«Көңіл - күйдің кездесуі» Ойынның мақсат-міндеттері: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала

	әрекеті)			Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ё] дыбысы және Ёё әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Қазақ тілі "Ғарышкер қалай атанам. Біздің	Сауат ашу негіздері "[в] дыбысы және Вв әрпі". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Математика негіздері "Үй жануарларының өрістегі жолдарын	Математика негіздері "Өрістегі төлдерді санадың ба?" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу	Математика негіздері "Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару	Сауат ашу негіздері "[в] дыбысы және Вв әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Жапсыру "Зымырайды зымыран" Мақсат-міндеттер:

ғарыштың планеталары". Мақсат-міндеттер: балалардың "ғарыш айлағы", "ғарышкер", "ғарыш" сөздерімен таныстыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Бір-біріне асырып доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап	салыстырайық" Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың шамасын салыстыруда шартты өлшемді пайдалануға баула, сызғыштың сипатымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастырып, қосу, алу және тең ету амалдарын есепте көрсетуге талпындырту. Музыка "Ғарышкерлер жыры" Мақсат-міндеттер: балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу,	("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру. Қазақ тілі "Отан деген не? А.Пушкиннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: "Отан оттан да ыстық" мақалы, суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету. Дене шынықтыру	барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Музыка "Атамекен" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын	балаларды дайын тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету. Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтаймыз" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету. Көркем әдебиет "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". (қайталау) Мақсат-міндеттер:
--	--	---	---	--

	жүруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Шоқжұлдыздар" Мақсат-міндеттер: балаларға астрономияны ғылымы туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деге ұғымдарды балаларға түсіндіру.	ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі" Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.	"Тепе-теңдікті сақтаймыз" Мақсат-міндеттер: балаларды допты бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алуға үйрету. Көркем әдебиет "С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау". Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.	түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жер - ортақ үйіміз!" Мақсат-міндеттер: Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту.	балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				

	шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Тақпақ. Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай	Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақтар. Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай) Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Бақылау. Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар	Құстардың ұяларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақ. "Шым тостаған". Далаға кім тастаған? (Құстың ұясы) Бақылау. Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Өрт	Ұяны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Жұмбақ. Ши түбінде шым кесе. (Ұя) Тақпақ. Құстар ұя салады, Жасауға жұмсақ ұяны. Жабағы жүнді жияды, Жайлы қып жасап ұяны Жұмыртқасын салады. Бақылау. Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу.	Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Тақпақ. Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. "Уф!"-десем бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. Бақылау. Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу. Қимылды ойын.

секіреді, ал көгершін жүреді. Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру) Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу. Еңбек. "Құстарды тамақтандыр". (еңбек іс-әрекеті) Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. (дене шынықтыру)	ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу. Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене шынықтыру) Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту. Еңбек. Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу. Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке,	сөндірушілер». (дене шынықтыру) Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. Еңбек. Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады. Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру) Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру. Еңбек. Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар	«Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру) Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу. Еңбек. Гүлзарға гүл тұқымын себу. (еңбек іс-әрекеті) Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету.
--	---	---	---	---

		еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. «Үй». Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Өз бетімен ойындар. «Гараж». Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру.	қазу. (еңбек іс-әрекеті) Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау. Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет) Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.				

	Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін	Дидактикалық ойын. "Жаман - жақсы". Мақсат-міндеттер: Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс,	"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен	Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып,	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп

кітаптарды қарау және басқалар)	дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген	оқиганың жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін	жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы"	ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын	қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала
---	---	--	---	---	--

көлемдері 5×6 см карточкалар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау. Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық	жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.	сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша	кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар". Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы
--	---	--	---	---

	ойынға қызығушылықты тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...» (қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін ойын: "Мұздату". Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын. Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді.	Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп	"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды" қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. (дене шынықтыру)	біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді. (дене шынықтыру)	ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар
--	---	---	--	---	---

	Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды.	ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемеңі жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін			панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай
--	--	--	--	--	--

		таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы			терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың
--	--	---	--	--	--

		басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке			міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып,
--	--	--	--	--	--

		мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме			билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады.
--	--	---	--	--	--

		борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)			Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық фигуралардың,	"Көктем белгілерін ажыратамыз"	Өлең жаттау. Бала тілін дамыту.	"Мен ғарышкер боламын" өлеңін	Сергіту сәті. "Ғарышқа самғап

	көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан	дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның. (Тұманбай Молдағалиев) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	жаттау. Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. Ж.Смақов (қарым-қатынас іс-әрекеті)	ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зуууу! Зуууу! Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.
--	--	---	---	--	--

	төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. (шығармашылық іс-әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым,				

	Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

	Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.
--	--

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.
--	---	--------------------------------------	--	---	--